

Тұлғалар тұғыры

Аудан төрінде ғылыми-экспедиция ұйымдастырылды

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



Казан айының 18 жұлдызында Меңдіқара ауданының ішкі саясат бөлім және Ыбырай Алтынсариннің мемориалдық музейінің ұйымдастыруымен «Алтынсарин айналасындағы адамдар» жобасының аясында киелі Меңдіқара жерінен шыққан қазақтың көрнекті тұлғалары Спандияр Көбеев пен Мұхамеджан Қарабаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған ғылыми-экспедиция ұйымдастырылды.

Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы Спандияр Көбеевтің дүниеге келгеніне 145 жыл толуына орай және қазақ медицинасының атасы Мұхамеджан Қарабаевтың өнегелі өмірі мен қызметін өскелең ұрпаққа насихаттау мақсатында ұйымдастырылған.

Жоба мақсаты – өзара мәдени – рухани байланысты орнату, ұлылар ұлағатын ұлықтау, мұрағаттан алынған тың деректермен бөлісу.

Шараға облыстық Ыбырай Алтынсариннің мемориалдық музейінің басшысы Марғұлан Оспанов, Ахмет Байтұрсын



атындағы Қостанай өңірлік университетінің профессоры Қалқаман Жақып, облыстық музейдің қызметшілері Салтанат Өтелбаева мен Шынар Досмағанбетова қатысты.

- Бүгін ғылыми-экспедиция аясында Меңдіқара еліне ат басын бұрғанымызға өте қуаныштымыз. Бұл өңір киелі де қасиетті жер, себебі, көптеген ұлы тұлғаларымыз дүниеге келген жер. Іс-шара барысында ұлы ұстаз Спандияр Көбеевпен, даңқты дәрігер Мұхамеджан Қарабаев жайлы тың деректермен бөлісіп отырмыз. Біздің бар арман-мақсатымыз ұлы ғалымдарымыздың есімі ұмыт қалмай, болашақ ұрпақ әрдайым жадында ұстап, ұлылар салып кеткен сара жолдың бойымен жүрсе дейміз, - дейді Қалқа-

ман Жақып.

Ғылыми-танымдық іс-шара аясында Мұхамеджан Қарабаевтың туған жері – Введен ауылына тоқталып, сол өңірде даңқты дәрігерге арналған музей-үйіне барып саяхаттама тындау мәліметтерін жинақтаған. Сондай-ақ, қос тұлғаларымыз жерленген зират бастарына барып, қол жайып, құран бағыштаған.

- «Алтынсарин айналасындағы адамдар» атты жобамыздың аясында Меңдіқара жеріне де келіп қалдық. Біздің мақсат, ұлы ата-бабаларымыз жайлы тың ақпараттармен бөлісіп, ұлылардың ұлылығын көрсету.

Біздің жобамызға қолдау білдіріп, бүгінгі іс-шараны ұйымдастырып отырған Меңдіқара ауданы ішкі саясат

бөліміне үлкен алғысымызды білдіреміз, - деді Ыбырай Алтынсарин атындағы мемориалдық музейінің басшысы Марғұлан Оспанов.

Ғылыми іс-шарада Габбас Жұмабаев атындағы Боровской мектеп-гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі Айдос Қостанай мен аудандық орталықтандырылған кітапхананың қызметшісі Ақжан Мусинова ұлы ұстазбен даңқты дәрігер жайлы баяндама оқып, өз ұсыныстарың жұртшылыққа ұсынды.

«Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» дейді халық даналығы. Артында өшпес із қалдырып, тынбай еңбек еткен азаматтарымыз ел жадында мәңгі сақталуы тиіс.

Ақжан БАЙТҰРСЫНОВА